

2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы № 261 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 маусымда № 4147 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 1-177 ұсынысы негізінде Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері мына бағыттар бойынша белгіленсін:

1) 2013 жылғы 10 маусымға дейін - көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың, оның ішінде көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге қажетті лизинг шартының негізінде сатып алынған тұқымның құнын (40 %-ға дейін) арзандатуға;

2) 2013 жылғы 1 тамызға дейін - тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) мен гербицидтердің құнын арзандатуға (50 %-ға дейін).

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А. Алиферецке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 10 сәуірінен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Жітіқара ауданының әкімі

К. Испергенов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3 жылғы 2 0 мамырдағы

№ 2 6 1 қаулысына

қосымша

2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	Оңтайлы себу мерзімдері
1	Жазғы бидай, арпа, сұлы, қаракұмық, тары	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
2	Дәнді - бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін
3	Майлы дақылдар	15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
4	Жемшөптік дақылдар	15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
5	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
6	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
7	Шабындық жерлерді шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер	бірінші мерзім - 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім - 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін
8	Күздік бидай және қара бидай	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін
9	Көкөністер мен бақша дақылдары	25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін
10	Картоп	10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін